

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Құстар

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.04.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/72664/>**Смагулова Гульнара Избергеновна****Облысы: Ақтөбе****Қаласы: Ақтөбе****№41 «Назерке» МДҰ МКҚК .****Қызметі: Тәрбиеші****Тақырыбы: «Құстар»****Телефон: +7 77805336370**

Білім беру салалары: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет салу

Тақырыбы: Құстар

Мақсаты: Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып оны күтіп баптауға, аялауға оларға қамқорлық жасап , мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру. Құстар туралы білімдерін толықтыру, құстарға деген қызығушылығын, тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту.

Әдіс тәсілдері: түсіндіру, көрсету, тақпақ, жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: құстар, ұя

Қолданылған көрнекіліктер: Слайд, суреттер, сурет салуға қажетті құралдар

Әрекет түрі: Тәрбиешінің іс-әрекеті

Шаттық шеңбері

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қай айы? Аптаның нешінші күні? Апта аттары?

Балалар мен сіздерге жұмбақ жасырайын шешуін табуға тырысып көріңдер. Мұқият тыңдаңдар.

Қанаты бар талмаған

Аспанға ұшып самғаған

Жауы шыбын шіркейден

Табиғатты қорғаған

Бұл не?

-Ия балалар құстар біздің қанатты достарымыз

Құстардың түрі өте көп

Құстар қанат және қауырсындарымен ерекшеленеді. Олардың ауыздарының арасында тұмсық, қолдарының арасында қанат, екі аяғы бар, бірақ олар көбіне аспанда ұшып қалықтап жүреді.

(Суретін көреміз)

Құстар екі топқа бөлінеді: Жыл құстары және қыстап қалатын құстар

Жыл құстарына: Қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай

Қыстап қалатын құстар: Торғай, қарға, суықторғай

Құстар зиянды құрт құмырсқалармен қоректенеді. Сөйтіп олар зиянды жәндіктерді құртады.

Суық мезгілде құстардың жем табуы өте қиын. Сондықтан адамдар жем сауыт жасап, оны ағаш бұтақтарына іліп қояды. Жем сауытқа нан қиқымдарын, бидай жем салуға болады.

Құстар туралы қандай тыйым сөздерді білесіңдер.

Құстын ұясын бұзба!

Құстардың балапанына тиспе!

Құстарды атпа.!

Суретпен жұмыс: Қыстап қалатын құс – суықторғай туралы түсінік беру.

Суықторғай – тәкаппар құс. Оның төсі – ашық қызыл түсті, басында қара түсті баскиімі бар. Қанаттарында ақ жолақтары болады. Оны тағы да «бозшымшық, қызылтөс» деп атауға болады. Суықторғай бұтадан көтеріліп ұшқан кезде күнге айна сияқты шағылысады. Бірақ ол – суықторғайдың «әкесі». Ал «анасының» төсі сұр-қоңыр түсті болып келеді.

Суықторғайдың дене бітіміне назар аударады (тұмсығы, қанаттары, аяқтары). Суықторғайдың төсінің түсі қандай? (Қызыл).

— Балалар, бәріміз бірге суық торғайдың суретін салуды үйренейікші.

Көрсету және түсіндіру.

Суретті салудың ретін түсіндіріп, тақтаға салып, қарапайым сызықтармен салудың жолдарын ауада көрсетіп, бормен сызып, салып көрсетеді.

— Балалар, алдымен қарындашпен қағаздың ортаңғы бөлігіне сопақша пішінді қиғаштап саламыз.

Сопакшаның жоғарғы бөлігі сол жаққа қарай салынса, ал астыңғы бөлігі қағаздың оң жағына қарай төменге қарай бұрыла салынады. Дайын болған сопақша пішінге құстың қанатын саламыз. Сопакша пішіннің жоғарғы бөлігіне құстың басын салу үшін кішкентай домалақ пішінді саламыз. Ал төменгі бөлікке құстың құйрығын саламыз.

Сергіту сәті: Слайд «Құс»

Қарындашпен салынып, дайын болған құстымақталы таяқшамен, біркелкі бояймыз. Құстың басы домалақ, денесі сопақша, ал тұмсығы, құйрығы үшбұрышқа ұқсайды екен.